

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы

№ 05 ХАТТАМА

02 сәуір 2025 жыл

Оқу-әдістемелік кеңес мәжілісі

ОӘК төрайымы: Академиялық мәселелер жөніндегі проректор, профессор, өнертану ғылымдарының кандидаты Әбдірахман Г. Б.

Хатшы: Оқу-әдістемелік жұмыс және инклюзивті білім беру бөлімнің басшысы, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент) Машимбаева А. Ж.

Қатысқандар: ОӘК мүшесі 27 адам (тізім хаттамаға қоса тіркелді).

Қатыспағандар: 2 адам (Сарымсакова А.С., Каржаубаева В.К. ауруына болуына байланысты).

Күн тәртібінде:

1. ҚР МАМ «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ ұйымдық құрылымының өзгеруіне байланысты (03 ақпан 2025 ж.) Құрманғазы атындағы ҚҰК Оқу-әдістемелік кеңесінің 2024-2025 оқу жылына арналған құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы туралы (*Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Әбдірахман Г.Б.*);
2. 2025-2026 оқу жылына арналған академиялық күнтізбе, оқу үрдісінің кестесі, педагогикалық жүктеме есебінің нормасын бекіту туралы (*Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы Ертаева Н.А.*);
3. 2025-2026 оқу жылына арналған Оқу жұмыс жоспарына өзгертулер енгізу туралы (бакалавриат, магистратура, докторантура), (*Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы Ертаева Н.А.*);
4. Мемлекеттік емтихан сұрақтарын, бағдарламаларын, билеттерін бекіту туралы (*Кафедра меңгерушілері*);
5. «Оқытушылар студенттер, магистранттар, докторанттар көзімен» сауалнамасын жүргізу нәтижесі туралы (*Оқу-әдістемелік жұмыс және инклюзивті білім беру бөлімінің басшысы Машимбаева А.Ж., Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің басшысы Мусаева Ж.С.*);
6. Оқытушы-профессорлық құрамның оқу-әдістемелік басылымдарын жариялауға ұсыныс беру туралы (*Декандар*):
 - 1) Жусупова С.С. «Орындаушылық өнер тарихы». Оқу құралы. Қазақ, орыс тілдерінде. Алматы, 2025.– 212 бет.
 - 2) «Хор сыныбына арналған хрестоматия». Өңдеген: Берекешев Ф.К. Хрестоматия. Қазақ тілінде. Алматы, 2025. – 111 бет.

- 3) Ясонова Л.И. «Бес құрлықтың әндері». Құрастырушы: Жүнісова Л.Р. Жинақ. Қазақ, орыс тілдерінде. Алматы, 2025. – 107 бет.
- 4) Дипломдық жұмыс / дипломдық жоба орындау және рәсімдеу бойынша әдістемелік нұсқаулық (барлық білім беру бағдарламалары үшін) Құрастырушылар: Г.Әбдірахман, А. Сарымсакова, А. Машимбаева. – 30 бет.
7. Өртүрлі. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы факультеттерінің Әдістемелік кеңестерін Факультет кеңесі ретінде қайта құру туралы (*Аспаптық орындаушылық факультетінің деканы Бекенова А.С.*).

1. ТЫНДАЛДЫ: ҚР МАМ «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ ұйымдық құрылымының өзгеруіне байланысты (03 ақпан 2025 ж.) Құрманғазы атындағы ҚҰК Оқу-әдістемелік кеңесінің 2024-2025 оқу жылына арналған құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы туралы (*Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Әбдірахман Г.Б.*).

СӨЙЛЕДІ: Әбдірахман Г.Б. – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор:

Құрметті оқу-әдістемелік кеңес мүшелері, ҚР МАМ «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ ұйымдық құрылымының өзгеруіне байланысты (03 ақпан 2025 ж.) Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы Оқу-әдістемелік кеңесінің 2025 жылғы 02 сәуірдегі № 05 хаттама шешіміне орай Ректордың №63 бұйрығымен 2024-2025 оқу жылына арналған Оқу-әдістемелік кеңес құрамына төмендегідей қайта өзгерістер енгізуді ұсынамын:

1. Әбдірахман Г.Б. – Оқу-әдістемелік кеңес төрағасы, академиялық мәселелер жөніндегі проректор, профессор, өнертану ғылымдарының кандидаты;
2. Нусупова А.С. – Оқу-әдістемелік кеңес төрағасының орынбасары, Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор, Диссертациялық кеңес ғылыми хатшысы, қауымдастырылған профессор, өнертану ғылымдарының кандидаты;
3. Ертаева Н.А. – Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы;
4. Сарымсакова А.С. – Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесінің басшысы, доцент (акад.), өнертану ғылымдарының кандидаты;
5. Мусаева Ж.С. – Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру секторының басшысы;
6. Мусагулова Г.Ж. – «Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» факультетінің деканы, профессор (акад.), доцент (БҒСБК), өнертану ғылымдарының кандидаты;
7. Бултбаева А.З. – «Вокал және дирижерлеу» факультетінің деканы, өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент (ҒЖБМ БҒСБК);

8. Бекенова А.С. – «Аспаптық орындаушылық» факультетінің деканы, доцент (акад.), философия докторы (PhD);
9. Ғабдрахимова Ғ.Ғ. – «Халық музыкасы» факультетінің деканы, «Құрмет» орденінің иегері, аға оқытушы, магистр;
10. Медеубаева С.М. – «Ансамбль өнері» кафедрасының меңгерушісі, профессор (акад.);
11. Койлыбаева М.Т. – «Музыкатану және композиция» кафедрасының меңгерушісі, доцент (акад.), философия докторы (PhD);
12. Берекешев Г.К. – «Дирижерлеу» кафедрасының меңгерушісі, профессор (акад.);
13. Измуратова З.Ш. – «Көне музыкалық аспаптар» кафедрасының меңгерушісі, профессор (акад.);
14. Калдаева Б.С. – «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының меңгерушісі, доцент (акад.), философия докторы (PhD);
15. Бекназарова Т.К. – «Вокалдық өнер» кафедрасының меңгерушісі, доцент (акад.), өнертану ғылымдарының магистрі;
16. Джумағалиева А.М. – «Домбыра» кафедрасының меңгерушісі, доцент (акад.), өнертану ғылымдарының магистрі;
17. Карсакбаева А.А. – «Қобыз және баян» кафедрасының меңгерушісі, доцент (акад.), өнертану ғылымдарының магистрі;
18. Кешубаева Д.Е. – «Арт-менеджмент» кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы, өнертану магистрі;
19. Халилова К.М. – «Ішекті аспаптар» кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы, өнертану ғылымдарының магистрі;
20. Гавриленко И.А. – «Арнайы фортепиано» кафедрасы меңгерушісі, аға оқытушы, өнертану ғылымдарының магистрі;
21. Мусапирова Ж.Т. – «Жалпы фортепиано» кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы;
22. Ерманов Ж.Р. – «Үрмелі және ұрмалы аспаптар» кафедрасының меңгерушісі, профессор (БҒСБК);
23. Исатаева А.Б. – «Халық әні» кафедрасының меңгерушісі м.а., доцент, магистр;
24. Шапилов В.А. – «Музыкатану және композиция» кафедрасының доценті, өнертану кандидаты;
25. Рауандина Ш.З. – «Қобыз және баян» кафедрасының профессоры (акад.), ҚР Мәдениет қайраткері;
26. Сулеева Г.С. – филология ғылымдарының кандидаты, профессор (акад.);
27. Жаулшакова С.С. – «Дирижерлеу» кафедрасының оқытушысы;
28. Айдархан А.Е. – «Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» факультеті Композиция білім беру бағдарламасының 1 курс магистранты;

29. Тұрысбекова Е.Н. – «Вокал және дирижерлеу» факультеті «Вокалдық өнер» білім беру бағдарламасының 3 курс студенті.

Хатшы: Машимбаева А.Ж. – Оқу-әдістемелік жұмыс және инклюзивті білім беру бөлімінің басшысы, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент).

1. ҚАУЛЫ: ҚР МАМ «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ ұйымдық құрылымының өзгеруіне байланысты (03 ақпан 2025 ж.) Құрманғазы атындағы ҚҰК Оқу-әдістемелік кеңесінің 2024-2025 оқу жылына арналған құрамы көрсетілген тізімдегідей қайта бекітілсін.

Бірауыздан қабылданды.

2. ТЫҢДАЛДЫ: 2025-2026 оқу жылына арналған академиялық күнтізбе, оқу үрдісінің кестесі, педагогикалық жүктеме есебінің нормасын бекіту туралы (*Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы Ертаева Н.А.*).

СӨЙЛЕДІ: *Ертаева Н. – Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы:*

Қайырлы күн құрметті Оқу-әдістемелік кеңес төрайымы және Кеңес мүшелері! Оқу жүктемесін оңтайландыру мақсатында: *Ескертулер бөліміне:*

«Оркестрлік партияларды игеру», «Нота оқу және оркестр қиындықтарын игеру» пәндері бойынша практикалық сабақтар барлық ББ үшін аспаптар топтары (атауы) бойынша жоспарланады, сыйымдылығы 10-12 адамнан аспайды. Деген түсініктеме қасылды. Және де бәріміз білеміз қараша айының 29 -2 желтоқсан аралығында Мәдениет және ақпарат министрінің тапсырысы/ұсынысы негізінде комиссия келген болатын. Комиссия бірнеше ұсыныстарды анықтамада көрсетті: Оның бірі осы уақыт нормасына байланысты көріп тұрғаныңыздай 1 оқу жылына 800 сағаттан азайтуды ұсынған. Бұл ұсыныстың шешімі ретінде: 1 ставкаға арналған жеке сабақ жүктемесін 798 сағатқа дейін қысқартуды ұсынамыз.

«Құрманғазы ат. ҚҰК ПОҚ мен Ғылыми қызметкерлерінің бос лауазымдарына конкурстық орналасу» Ережесіне 2025 ж. 26 ақпандағы №08 хаттамамен енгізілген өзгерістерге сәйкес Доцент лауазымы қауымдастырылған профессор (доцент) лауазымы болып өзгерту енгізуді ұсынамын.

2. ҚАУЛЫ: 2024-2025 оқу жылына арналған академиялық күнтізбе, оқу үрдісінің кестесі, педагогикалық жүктеме есебінің нормасы бекітілсін.

Бірауыздан қабылданды.

3. ТЫҢДАЛДЫ: 2025-2026 оқу жылына арналған Оқу жұмыс жоспарына өзгертулер енгізу туралы (бакалавриат, магистратура, докторантура), (*Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы Ертаева Н.А.*).

СӨЙЛЕДІ: *Ертаева Н. – Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы:*

2025-2026 оқу жылына арналған оқу жоспарларын жаңарту Білім беру бағдарламаларына маңызды өзгертулер енгізу уақыты келді. Бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлеріндегі оқу үдерістері жаңа талаптарға сай жетілдіріледі.

Білім беру бағдарламаларын жаңарту бойынша:

- Қайталанатын курстарды біріктіру;
- Цифрлық құзыреттілікті күшейту (Жасанды интеллектті қолдану);
- Барлық бағдарламаларға жасанды интеллектті енгізу;
- Жұмыс берушілермен бірлесіп жасалынған білім беру бағдарламаларын әзірлеу;
- Мемлекеттік стандарттар талаптарына сәйкестендіру жасалды.

1) Бакалавриат ББ бойынша 1-2 семестрдегі таңдау пәндері ЖОО компоненттеріне ауыстырылды.

2) 9. ЖЖОКБҰ ЖББ циклінің пәндері бойынша және білім алушылардың экономика және құқық, кәсіпкерлік және қаржылық сауаттылық саласындағы құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған пәнаралық оқу бағдарламаларын әзірлейді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, экология және өмір сүру қауіпсіздігі пәні Қаржылық сауаттылық, кәсіпкерлік және құқық негіздері пәні енгізілді.

3) 20. ЖЖОКБҰ инклюзия, тұрақты даму, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет құндылықтарын қалыптастыруға, сондай-ақ ғылыми зерттеу дағдыларын дамытуға, тіршілік қауіпсіздігі мен экологияны қамтамасыз етуге бағытталған МЖМС талаптарына және кәсіптік стандарттарға (бар болса) сәйкес жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын дербес әзірлейді.

Педагогика/ оның орнына Педагогика және инклюзивті білім беру

4) Қаржылық сауаттылық негіздері пәні бүкіл ББ болатын оның орнына Экология және тұрақты даму пәні енгізілді.

5) ЖЖОКБҰ жасанды интеллектіні қолдану бойынша құзыреттерді игеруге бағытталған білім беру бағдарламаларын әзірлейді және іске асырады.

Музыкатану және композиция кафедрасы ұсынысы бойынша;

Бакалавриат бойынша «Ғылыми зерттеу негіздері» пәні барлық ББ жасанды интеллекті қолдану бойынша құзыреттерді игеруге бағытталғандығы туралы пәннің мазмұны өзгертілді;

Магистратура Арт-менеджмент кафедрасы: Арт-нарығы және БАҚ,

Музыкатану және композиция кафедрасы Дәстүрлі музыка өнері ББ

Музыкалық мәтінді редактрлеу және қайтадан компьютерде өңдеу негіздері пәніне жасанды интеллекті қолдану бойынша құзыреттерді игеруге бағытталғандығы туралы пәннің мазмұны өзгертілді

Докторантура ББ:

Арт-менеджмент кафедрасы: барлық ББ Ғылыми зерттеулердегі жасанды интеллект пәні / Орталық Азияның түркі халықтарының аспаптық музыкасындағы дыбыстың санаты пәнінің орнына енгізілуі ұсынылды.

Музыкатану және композиция кафедрасы ұсынысы бойынша барлық ББ:

Ғылыми зерттеу әдістері пәнінің мазмұнына өзгерістер енгізу ұсынылды

Музыкатану және композиция кафедрасы ұсынысы бойынша Аспаптық орындаушылық (түрлері бойынша), Дирижерлеу (түрлері бойынша), Вокалдық өнер БББ бойынша келесі пәндердің атаулары өзгертілді:

№	Мамандық	Пәндердің атауы (ескісі)	Кредит саны/ семестр	Пәндердің атауы (жаңасы) шифр (жаңасы)
1	Ұрмалы аспаптар Ішекті аспаптар Гитара Фортепиано Дирижерлеу (хор/оркестрлеу) Әскери үрмелі аспаптар оркестрді дирижерлеу	XVIII ғасырға дейінгі музыка тарихы/История музыки до XVIII века/History of music before the XVIII century	3/2	Антикалық дәуірден XVIII ғасырдың ортасына дейінгі шетел музыкасының тарихы/История зарубежной музыки от Античности до середины XVIII века/History of Western Music from Antiquity to the Mid- XVIII th Century ADXVIIIShMT/IZMAXVIII/HWMA XVIII1220
2	Ұрмалы аспаптар Ішекті аспаптар Гитара Фортепиано Дирижерлеу (хор/оркестрлеу) Әскери үрмелі аспаптар оркестрді дирижерлеу Вокалдық өнер	Классикалық-романтикалық музыка тарихы /История классико-романтической музыки / History of classical and romantic music – 1	3/3	XVIII ғасырдың ортасы мен XIX ғасырдың ортасына дейінгі шетел музыкасының тарихы История зарубежной музыки: от середины XVIII до середины XIX веков / History of Western Music: Mid- XVIII th - Mid- XIX th Century
		Классикалық-романтикалық музыка тарихы /История классико-романтической музыки / History of classical and romantic music – 2	3/4	XIX ғасырдың екінші жартысындағы шетел музыкасының тарихы/ История зарубежной музыки: вторая половина XIX века / History of Western Music in the Late XIX th Century XIXShMT/IZM XIX/HWML XIX2223
3	Гитара Фортепиано Дирижирование (хоровое/оркестровое) Вокальное искусство	Музыка тарихы 1900-1945 / История музыки 1900-1945/History of music 1900-1945 ("Фортепиано","Классическая гитара")	3/5	XX ғасырдың бірінші жартысындағы шетел музыкасының тарихы/ История зарубежной музыки: первая половина XX века / History of Western Music in the Early XX th Century

				XXShMT/IZM XX HWME XX3225
		1945 жылдан кейінгі музыка тарихы/История музыки после 1945/History of music after 1945 ("Фортепиано", "Классическая гитара") <i>Қазіргі музыка тарихы/История современной музыки/ History of modern music -2</i>	3/6	XX ғасырдың екінші жартысындағы шетел музыкасының тарихы История зарубежной музыки: вторая половина XX века / History of Western Music in the Late XX th Century XXSnMT/IZM XX HWML XX3226 <i>Қазіргі музыка тарихы/История современной музыки/ History of modern music -2</i> KMT/ISM/ HMM (2) 3226
		Музыка тарихы 1900-1945 / История музыки 1900-1945/History of music 1900-1945 <i>Заманауи музыка тарихы/ История современной музыки / History of modern music - 1</i>	3/4	XX ғасырдың бірінші жартысындағы шетел музыкасының тарихы/ История зарубежной музыки: первая половина XX века / History of Western Music in the Early XX th Century XXShMT/IZM XX HWME XX3213 <i>Заманауи музыка тарихы/ История современной музыки / History of modern music – 1</i> ZMT/ISM/HMM (1) 3213
		1945 жылдан кейінгі музыка тарихы/История музыки после 1945/History of music after 1945 <i>Заманауи музыка тарихы 2 / История современной музыки 2 / History of Modern Music 2</i>	3/5	XX ғасырдың екінші жартысындағы шетел музыкасының тарихы История зарубежной музыки: вторая половина XX века / History of Western Music in the Late XX th Century XIXShMT/IZM XX / HWML XX 3214 <i>Қазіргі музыка тарихы/История современной музыки/ History of modern music -2</i> KMT/ISM/ HMM (2) 3214

3.2) Студенттер (магистранттар, докторанттар) таңдаған пәндерді қоса алғанда, ауыспалы контингент үшін 2025-2026 оқу жылына арналған Жұмыс оқу

жоспарларын бекітуіңізді сұраймыз. Және де СРСП сағаттары уақыт нормасына сәйкес өзгертілді.

3. ҚАУЛЫ: 2025-2026 оқу жылына арналған Оқу жұмыс жоспарына (бакалавриат, магистратура, докторантура) жоғарыда аталған өзгертулер енгізілсін.

Бірауыздан қабылданды.

4. ТЫҢДАЛДЫ: Мемлекеттік емтихан сұрақтарын, бағдарламаларын, билеттерін бекіту туралы *(Кафедра меңгерушілері)*.

СӨЙЛЕДІ: *Машимбаева А. Ж. – Оқу-әдістемелік бөлім басшысы, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент):*

2024-2025 оқу жылының II-жарты жылдығына арналған Мемлекеттік емтихан сұрақтарын, бағдарламаларын, билеттерін бітіруші кафедралар ұсынды. Тексерілді. Бекітулеріңізді сұраймын.

4. ҚАУЛЫ: 2024-2025 оқу жылының II-жарты жылдығына арналған Мемлекеттік емтихан сұрақтары, бағдарламалары, билеттері бекітілсін.

Бірауыздан қабылданды.

5. ТЫҢДАЛДЫ:

«Оқытушылар студенттер, магистранттар, докторанттар көзімен» сауалнамасын жүргізу нәтижесі туралы *(Оқу-әдістемелік жұмыс және инклюзивті білім беру бөлімінің басшысы Машимбаева А.Ж., Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің басшысы Мусаева Ж.С.)*

СӨЙЛЕДІ: *Машимбаева А. – Оқу-әдістемелік жұмыс және инклюзивті білім беру бөлімінің басшысы, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент):*

2024 жылдың 30 желтоқсаны мен 2025 жылдың 15 ақпаны аралығында Оқу-әдістемелік жұмыс және инклюзивті білім беру бөлімі «Оқытушылар студенттер көзімен» атты статистикалық сауалнама жүргізді. Бұл зерттеу студенттердің оқытушы-профессорлық құрамның қызметіне берген бағасына негізделіп, білім беру сапасын арттыруға бағытталған.

Сауалнамаға қатысу ерікті түрде ұйымдастырылып, студенттердің белсенділігі байқалды. Жалпы студенттер саны – 1075 болса, олардың 636-сы сауалнамаға қатысып, қамтылу көрсеткіші 59 пайызды құрады.

Сауалнама барысында студенттер 319 оқытушының қызметін бағалады. Сұрақтар саны – 10, олардың әрқайсысы оқытушылардың кәсіби шеберлігі мен педагогикалық этикасын, сабақ беру әдістерін, білімді бағалау әділдігін және кері байланыс орнату сапасын қамтыды.

Жалпы, сауалнама нәтижелері студенттердің пікірін тыңдау арқылы оқу үдерісін жетілдіруге мүмкіндік береді. Алынған деректер білім беру сапасын

бақылау, тиімді педагогикалық әдістерді анықтау және оқытушылардың кәсіби дамуына қолдау көрсету мақсатында қолданылады.

Білім сапасын арттыру талаптары мен халықаралық аккредиттеу рейтингтік агенттіктерінің стандарттарына сәйкес жоғары оқу орындары көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында өз қызметіне ішкі талдау мен мониторингті жүйелі түрде жүргізуі қажет.

Ішкі талдау жүргізу құралдарының бірі студенттер, оқытушылар құрамы, қызметкерлер және басқа да мүдделі тұлғалар арасында сауалнама жүргізу болып табылады. Сауалнама нәтижелері слайд форматында ұсынылды.

Сауалнаманың атауы – «Оқытушы студенттің көзімен». Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының оқытушы-профессорлық құрамы қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау шеңберінде 2024 жылғы 30 желтоқсан мен 2025 жылғы 15 ақпан аралығында Оқу-әдістемелік жұмыс және инклюзивті білім беру бөлімі «Оқытушылар студент көзімен» сауалнамасын өткізді.

Сауалнама мақсаты: Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы оқытушыларының оқыту сапасын анықтау.

Ақпаратты жинау әдісі: деректерді жинау PLATONUS жүйесінде сауалнама әдісімен жүзеге асырылады.

Қатысушылардың жалпы саны – 1075-ден 636 студент (59 %), жауап берді. Яғни:

- ✓ 1 курс – 274 студенттің 174-і (64 %);
- ✓ 2 курс – 276 студенттің 167-і (61 %);
- ✓ 3 курс – 273 студенттің 183-і (67 %);
- ✓ 4 курс – 256 студенттің 112-і (44 %) қатысты.

Бағаланған профессорлық оқытушылық құрамның жалпы саны – 319.

Оның ішінде:

- 1) Аспаптық орындаушылық факультеті – 297 студенттен 224-і (75 %);
- 2) «Вокал және дирижерлеу» факультеті – 258 студенттен 183-і (71%);
- 3) «Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» – 118-і 76 (64%).
- 4) «Халық музыкасы» факультеті 402 студенттен 153 -і (38 %);

Сауалнама **Лайкерт** шкаласы бойынша өтті. Респондент шкала бойынша оқытушыға қатысты талаптармен келісу немесе келіспеу дәрежесін көрсетеді.

Деректерді талдау әдісі: сандық талдау.

Сауалнама жүргізу техникасы:

Сауалнама үш тілде (қазақ және орыс, ағылшын) ұсынылды. 10 сұрақ берілді.

Сауалнама жүргізу шарты: Студент бірден онға дейінгі балдық жүйе бойынша жауап беруі керек.

Қорытынды. Сауалнама нәтижелері бойынша студенттер мұғалімдердің білім деңгейіне, олардың сабақ өткізуіне, сабақ барысындағы шеберлігіне, емтихан сұрақтарын дайындауға, силлабустарды дұрыс ұйымдастыруға, сондай-ақ оқушылармен қарым-қатынастың жақсы деңгейіне риза екендігі анықталды. Бірақ сабақта басқа іспен айналысатындығы сұраққа 7, 8 сияқты баллдар көп қойылғаны байқалады.

Сонымен қатар Goole диск қосымшасында «Оқытушылар студенттер көзімен» анонимді мәтіндік сауалнамасы бойынша силлабуспен аса таныс еместігі, мамандықтан басқа сабақтар көп екендігі, бағалау критерийлерінің дұрыс қойылмайтындығы анықталды.

Жалпы аталған сауалнама оқу жылында әр семестрде жүргізіледі. 2 семестрге арналған сауалнама маусым-шілде айына арналып студенттерге жіберілді. Нәтижесі 2025 жылдың қыркүйек айында Оқу-әдістемелік кеңесте талқылауға ұсынылады.

СӨЙЛЕДІ: Әбдірахман Г.Б. – Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор:

Аталған сауалнаманы жүргізу былтырғы оқу жылында басталған болатын. Платонусқа енгізуге Оқу-әдістемелік бөлімі көп жұмыс атқарды. Сауалнаманы жасап, жарыққа шығаруға бір айдан астам уақыт кетті. Нәтижесін өздеріңіз көріп отырсыздар. Жеке жұмыстармен айналысады деген оқытушыларға ескерту жасау керек.

5. ҚАУЛЫ: 2024-2025 оқу жылының 1 семестріне арналған «Оқытушылар студенттер, магистранттар, докторанттар көзімен» сауалнамасы жоғары деңгейде өтікзілді деген баға берілсін, бекітілсін.

Бірауыздан қабылданды.

6. ТЫҢДАЛДЫ:

Оқытушы-профессорлық құрамның оқу-әдістемелік басылымдарын жариялауға ұсыныс беру туралы (Декандар):

- 1) Жусупова С.С. «Орындаушылық өнер тарихы». Оқу құралы. Қазақ, орыс тілдерінде. Алматы, 2025.– 212 бет.
- 2) «Хор сыныбына арналған хрестоматия». Өңдеген: Берекешев Ғ.К. Хрестоматия. Қазақ тілінде. Алматы, 2025. – 111 бет.
- 3) Ясонова Л.И. «Бес құрлықтың әндері». Құрастырушы: Жүнісова Л.Р. Жинақ. Қазақ, орыс тілдерінде. Алматы, 2025. – 107 бет.

6.1 ТЫҢДАЛДЫ:

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Ішекті аспаптар» кафедрасының профессоры С.С. Жусупованың «Орындаушылық өнер тарихы» оқу құралын баспаға ұсыну туралы.

СӨЙЛЕДІ:

Бекенова А.С. – «Аспаптық орындаушылық» факультетінің деканы, доцент:
«Аспаптық орындаушылық» факультеті «Ішекті аспаптар» кафедрасының профессоры С.С. Жусупованың «Орындаушылық өнер тарихы» оқу құралын баспаға ұсыну туралы оң пікір білдірді.

Аталған оқу құралы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Аспаптық орындаушылық» факультетінің Әдістемелік кеңесінің мәжілісімен (№04 хаттама, 22 желтоқсан 2024 ж.), «Ішекті аспаптар» кафедрасының мәжілісімен (№ 04 хаттама, 17 желтоқсан 2024 ж.) сонымен қатар, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Аспаптық орындаушылық» факультетінің «Ішекті аспаптар» кафедрасының профессоры А.Абатованың; К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті, Мәдениет саласының үздігі Д.Ж. Жумабекованың пікірлері арқылы баспаға ұсынылды.

СӨЙЛЕДІ: *Машимбаева А. – Оқу-әдістемелік жұмыс және инклюзивті білім беру бөлімінің басшысы, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент):*

Арнайы сараптамашы етінде «Музыкатану, арт-менеджмент және ӘГП» факультеті «Музыкатану және композиция» кафедрасының доценті Г.Д. Калымова тағайындалған болатын. Сараптамашы оқу құралын оқу үрдісіне кеңінен пайдалануға болатынын атап айтқан. Оқу құралында стилдік қателіктерді жөндеуге кеңес береді. Пікір авторға ұсынылады, оқу құралына дауыс берулеріңізді сұраймын.

6.1 ҚАУЛЫ:

«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ базасындағы Оқу-әдістемелік кеңесінің сараптамасынан өткен «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Ішекті аспаптар» кафедрасының профессоры С.С. Жусупованың «Орындаушылық өнер тарихы» оқу құралы баспадан шығаруға ұсынылсын.

6.2 ТЫҢДАЛДЫ:

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Вокал және дирижерлеу» факультеті «Дирижерлеу» кафедрасының профессоры (акад.) Ғ.К. Берекешевтің «Хор сыныбы» хрестоматиясын баспаға ұсыну туралы.

СӨЙЛЕДІ: *Бултбаева А.З. – «Вокал және дирижерлеу» факультетінің деканы:*
«Вокал және дирижерлеу» факультеті «Дирижерлеу» кафедрасының профессоры (акад.) Ғ.К. Берекешевтің «Хор сыныбы» хрестоматиясы туралы оң пікір білдірді.

Аталған хрестоматия Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Вокал және дирижерлеу» факультетінің Әдістемелік кеңесінің мәжілісімен (№03 хаттама, 11 ақпан 2025 ж.), «Дирижерлеу» кафедрасының мәжілісімен (№ 07 хаттама, 21 қаңтар 2025 ж.) сонымен қатар, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Музыкалық білім және

хореография» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты С.Т. Балагазованың; ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Алақөз» камералық хорының көркемдік жетекшісі және бас дирижері Т.С.Алагузовтың; Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Вокал және дирижерлеу» факультетінің деканы, өнертану кандидаты, доцент А.С. Бултбаеваның пікірлері арқылы баспаға ұсынылды.

6.2 ҚАУЛЫ:

«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ базасындағы Оқу-әдістемелік кеңесінің сараптамасынан өткен «Вокал және дирижерлеу» факультеті «Дирижерлеу» кафедрасының профессоры (акад.) Ғ.К. Берекешевтің «Хор сыныбы» хрестоматиясы баспадан шығаруға ұсынылсын.

6.3 ТЫНДАЛДЫ:

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Вокал және Дирижерлеу» факультеті «Дирижерлеу» кафедрасының аға оқытушысы Л.Р.Жунусова құрастырған Л.И. Ясонованың өңдеуіндегі «Бес құрлықтың әндері» атты аралас хорға арналған өңдеулер жинағын баспаға ұсыну туралы.

СӨЙЛЕДІ: *Бултбаева А.З. – «Вокал және дирижерлеу» факультетінің деканы, өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент:*

«Вокал және Дирижерлеу» факультеті «Дирижерлеу» кафедрасының аға оқытушысы Л.Р.Жунусова құрастырған Л.И. Ясонованың өңдеуіндегі «Бес құрлықтың әндері» атты аралас хорға арналған өңдеулер жинағын баспаға ұсыну туралы оң пікір білдірді.

Аталған жинақ Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Вокал және Дирижерлеу» факультетінің Әдістемелік кеңесінің мәжілісімен (№03 хаттама, 11 ақпан 2025 ж.), «Дирижерлеу» кафедрасының мәжілісімен (№ 07 хаттама, 21 қаңтар 2025 ж.) сонымен қатар, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» факультеті «Музыкатану және композиция» кафедрасының доценті, өнертану кандидаты А. Мұқанмен; К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті, «Музыкалық орындаушылық» факультетінің деканы, профессор, педагогика ғылымдарының кандидаты А. Сметованың пікірлері арқылы баспаға ұсынылды.

СӨЙЛЕДІ: СӨЙЛЕДІ: *Машимбаева А. – Оқу-әдістемелік жұмыс және инклюзивті білім беру бөлімінің басшысы, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент):*

Арнайы сараптамашы ретінде «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Жалпы фортепиано» кафедрасының доценті И.В. Олексенко тағайындалған болатын. Сараптамашы жинақты оқу үрдісіне кеңінен пайдалануға болатынын

атап айтқан. Ескертпе ретінде жинақты Ұлы жеңістің 80 жылдығына арналады деген атауын алып тастауды ұсынады. Жинақ мазмұны ондай шығармаларға сәйкес келмейтінін айтады. Пікір құрастырушыға ұсынылады, жинаққа дауыс берулеріңізді сұраймын.

6.3 ҚАУЛЫ:

«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ базасындағы Оқу-әдістемелік кеңесінің сараптамасынан өткен «Вокал және дирижерлеу» факультеті Л.Р. Жунусова құрастырған Л.И. Ясонованың өңдеуіндегі «Бес құрлықтың әндері» атты аралас хорға арналған өңдеулер жинағы баспадан шығаруға ұсынылсын.

6.4 ТЫҢДАЛДЫ:

Дипломдық жұмыс / дипломдық жоба орындау және рәсімдеу бойынша әдістемелік нұсқаулық (барлық білім беру бағдарламалары үшін) Құрастырушылар: Г.Әбдірахман, А. Сарымсакова, А. Машимбаева. – 30 бет.

СӨЙЛЕДІ: *Әбдірахман Г.Б. – Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор:*

Құрметті Оқу-әдістемелік кеңес мүшелері, Дипломдық жұмыс / дипломдық жоба орындау және рәсімдеу бойынша әдістемелік нұсқаулық түрлі нормативтік құжаттарға байланысты қайта толықтырылды. Танысуға жіберілді. Бекітулеріңізді сұраймын.

6.4 ҚАУЛЫ:

Дипломдық жұмыс / дипломдық жоба орындау және рәсімдеу бойынша әдістемелік нұсқаулық (барлық білім беру бағдарламалары үшін) бекітілсін, баспаға ұсынылсын. 2025-2026 оқу жылынан бастап оқу үрдісіне қолдануға енгізілсін.

7. ТЫҢДАЛДЫ:

Өртүрлі. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы факультеттерінің Әдістемелік кеңестері мен Факультет кеңестерін біріктіріп Факультет кеңесі ретінде қайта құру туралы (*Аспаптық орындаушылық факультетінің деканы Бекенова А.С.*)

СӨЙЛЕДІ: **Бекенова А.С.** – «Аспаптық орындаушылық» факультетінің деканы, доцент (акад.), философия докторы (PhD):

Құрметті Оқу-әдістемелік кеңес төрағасы, мүшелері, консерваторияның барлық факультеттерінде жыл сайын факультет кеңесі туралы және факультеттің әдістемелік кеңесі туралы жоспар жасалады, жыл бойы жұмыс жүргізіледі, есеп

жасалады. Жұмыс барысын біріздендіру мақсатында факультте бір ғана Факультет кеңесі мәжілісін қалдыруды ұсынамын. Өйткені бұл мәжілісте оқу, оқу-әдістемелік, тәрбие, шығармашылық, концерттік мәселелер қаралады. Үнемі екі түрлі кеңес жүргізу, жеке хаттама жүргізу, құжаттарын дайындау ұтымсыз. Сондықтан 2025-2026 оқу жылынан бастап тек Факультет кеңесін ғана қалдыруды ұсынамын.

СӨЙЛЕДІ: Әбдірахман Г.Б. – Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор:

Бұл – дұрыс ұсыныс. Жоспар жасау, есеп беру кезінде әр жұмыс түрі қанша болғанын санап, есебін жүргізіп отырған дұрыс. Мен қолдау білдіремін.


7. ҚАУЛЫ:

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы факультеттерінің Әдістемелік кеңестері мен факультет кеңестері біріктіріліп, Факультет кеңесі ретінде қайта құрылсын.

Бірауыздан қабылданды.

ОӘК төрайымы

Хатшы




Г. Әбдірахман

А. Машимбаева